

«Мен және мамандықтар әлемі»



«Егер мамандықты таңдап алуда сіздің жолыңыз болса және осы жолда өміріңізді сарп ететін болсаңыз, онда сіз бақытты болғаныңыз»

К. Д. Ушинский

● **Мақсаты:** - «Мамандық» құндылығы туралы түсініктерді кеңейту. Мамандық таңдау, оның нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру.

Міндеттері: - мамандық таңдаудың негізгі шарттарын таныту.

- Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу.


- Еңбекқорлыққа, еңбекті қадірлей білуге, табысты болуға тәрбиелеу.

Мамандық «профессия» сөзі латын тілінен profiteer – «өз ісін хабарлау» - дегенді білдіреді. Сондай-ақ мамандық – бұл білім, ептілік, жеке бас қасиеттері; өз еңбегіне сыйақы ала отырып, аталмыш жұмыспен табысты айналысу үшін соның барлығы қажет.

- **Күн сайын миллиондаған адамдар жұмысқа асығып бара жатады.**
- **Олар немен айналысады?**
- **Өз жұмысын жақсы көреді ме?**
- **Жұмыс түрін қалайша таңдады екен, өздерінің кәсіби жолын қайталай ма еді немесе басқа іспен шұғылдана ма еді?**
- **Мамандықты таңдау ең маңызды өмірлік шешімдердің біріне жатады.**

Қатысушыларға сұрақ:

1. Мамандықты таңдап қойғандарыңыз, қолдарыңызды көтеріңіздер?
2. Әлі анықтай алмағандарыңыз, көтеріңіздер?
3. Бұл сұрақ әзірше қызықтырмайтындар ше?



Бүгінгі күні еңбек жәрмеңкесінде

үлкен сұранысқа ие мамандықтар:

- референт –хатшы;
- бағдарламашы ;
- сатылым бойынша менеджер;
- басшының көмекшісі;
- жүйелік әкімші, бас есепші;
- ақпараттық технологиялар бойынша мамандар.



Соңғы уақытта Қазақстанда да жаңа мамандықтар пайда болды. Олардың кейбіреуі жайлы қысқаша айтамыз:

- **Web- бағдарламашы, Web-дизайнер** -интернет ғаламдық торабы үшін сайттар жасау бойынша маман.

Аудитор –бұл компаниялардың қаржылық қызметтерін тексеретін, оның табыстылығы мен тиімділігін бағалайтын маман.

Бренд-менеджер- өнім образын-брендты ойлап табатын және осы образды көпшілікке ұсынып, сатылуын жолға қоятын маман.

Логистик-ағымдарды реттеуші маман: қоймалық,көліктік ,өндірісті.

Көліктік логистик - компанияның жүктерін тасымалдау схемасын ойластырады, қоймалық логистик- өнімдері сақтауды ұйымдастырумен айналысады.

Маркетолог – латынша «нарықты білетін адам» сатып алушылардың қажеттіліктерін, олардың талғамы мен қалауларын білу үшін нарықты зерделеуші маман.

Мерчендайзер-бұл фирмасының тауары ірі дүкендерде қалайша ұсынылғандығын қадағалайтын адам. Ол дүкендерді аралап , тауарды, орналастыру, витриналарды көркемдеу бойынша кеңестер береді.

1 тапсырма:

«Сөйлемді аяқтау»

- 1. Адамдар ... үшін жұмыс істейді.
- 2. Нағыз еңбек-бұл.....
- 3. Мамандықты таңдаған кезде адамдаржиі ескермейді.
- 4. Кез келген кәсіби еңбекте ең маңыздысы.....



2 тапсырма:

«Мамандықты ата»

- **А) Мүлдем немесе жоғалуға жақын**
 - Б) Тек XX –ғасырда пайда болған.**
 - В) болашақта пайда болатын мамандықтарды атауларыңыз керек.**
- (ойынға қатысушылар кеңесіп ,мамандық түрлерін атайды)



Анықтама үшін

- **А) Өткенге кеткен мамандықтар:** шабарман, шырақшы , жүн түтуші , көпес, почмейстер, пеш құбырларын тазартушы.
- Б) XX- ғасырда пайда болған:** бағдарламашы ,ЭВМ операторы , менеджер ,референт-хатшы, сандық бағдарламалық басқаруы бар станоктардың операторы,кең ауқымдыға тракторшы-машинист,ұшқыш,краншы , ғарышкер эмбриолог, электромонтер ж/е т.с.с
- В) Болашақта пайда болатыны:** теңіз тереңдігін, ғарышты игерумен байланысты мамандықтар, робототехниканың, компьютерлендірумен, химиялық және ядролық өнеркәсіпті, экономиканы, телевидениені, бейнетехниканы, экологияны, криминалистиканы, гендік инженерияны дамытумен байланысты мамандықтар және т.с.с

Көйлектің дүниеге келуі

Мақтаны өсіру үшін жақсы жер, ауасы ыстық болатын өлке қажет, яғни егістік қажет.

1. Егістік
 2. Тұқымды(шит) себу
 3. Түптеу, суару
 4. Піскенде жинау
 5. Тұқымнан айырып, таза мақта алу.
 6. Фабрикаға әкелу.
 7. Жіп иіру.
 8. Мата тоқу.
 9. Бояу, әрлеу.
 10. Тігін цехы.
 11. Көйлек.
- Міне, осындай еңбектердің арқасында көйлек тігіледі.



Топпен жұмыс

«Форманың түймесі»

● Көптеген мамандықтағы адамдар формалық киім киеді. Ал формалық киімде әрдайым форма түймелері болады. Бұл түймелердің әдеттегілерден айырмашылығы бар, оларда қандай да бір сурет болады: **теңізшілерде-зәкір, ұшқыштарда –ұшак қанаттары, десантарда парашют.**

Бір қаланың билік өкілдері қала шаруашылығының кейбір сирек мамандықтарының өкілдерінің формалық киімге киіндіру туралы шешім қабылдады деп елестетіп көріңіздер. Жаңа әдемі киімді олар үшін тігіп те қойған, ал форма түймелерін әзірше дайындамаған. Осы түймелердің эскиздерінің суретін салып көріңіздер. Ал олар төмендегі мамандықтарға арналады:

- **Жүк көлігінің жүргізушілері;**
 - **Балконмен лоджияны көгалдандырушылар;**
 - **Қала базарындағы ет өнімдерінің дегустаторлары;**
 - **Ветеринарлық жедел жәрдем санитарлары;**
 - **Канализациялық жүйелерді қарап шығушылар.**
- (жұмыс жасауға 5 мин уақыт беріледі).**

«Мамандықтар туралы сұрақтар»

Блиц - турнир

- 1. Ғимараттарды әрлеу бойынша маман (маляр – сырлаушы)
- 2. Металдан бұйым жасау бойынша маман (токарь)
- 3. Балаларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша маман (педагог)
- 4. Механикалық құрал – жабдықты жинау мен жөндеу бойынша маман (слесарь)
- 5. Металдарды қысыммен өңдеу бойынша маман (чеканщик)
- 6. Радиоаппаратураны жөндеу мен қызмет көрсету бойынша маман (радио – шебер)
- 7. Металды қолмен соғу бойынша шебер (ұста)
- 8. Жоғары техникалық білімі бар маман (инженер)
- 9. Матаға сурет салатын маман (раклист)
- 10. Ауыл шаруашылық дақылдарын егу бойынша маман (агроном)

Титестер немен айналысады деп ойлайсындар?

● Титестер – шай дегустаторы. Дәмі, иісі, түрі бойынша бұл маман шай сұрпын, өсірілген орнын, жинау маусымын, сақталу мен қайта өңдеу тәсілін анықтай алады.

Титестер ерекше дарынға, айрықша сезімтал иіс сезуге ие. Ал титестерлер көп нәрседен бас тартуға тиісті: қуырылғаннан, ысталғаннан бас тартқаны, иіс суларды пайдаланбағаны жөн. Титестерлер тымау тигеннен қатты қорқады. Ірі компаниялар өз титестерлерінің мұрындарын миллион долларға сақтандырады, себебі осы мұрындардан құны миллион тұратын, шайлардың ірі партияларының тағдыры тәуелді. Ал сіз бен біздің ішетін шайымыз – аралас шай. Онда 18 сұрыпқа дейін болуы мүмкін. Титестерлер дәмін жақсартып, негізгі хош иісін беретін қоспаны таңдап алады.



Тағы бір сирек кездесетін мамандық – постижер

● Бұл париктерді, мұрттарды, сақалдар мен бакенбардтарды дайындау бойынша маман. Бұл мамандық шығармашылықпен тығыз байланысты – театрда постижер жай ғана парик жасамайды, ол бір тұлға бейнесін шығарады. Театрда постижерлер сонымен бірге кейіпкерлердің сыртқы келбетін жасайтын суретшілер де, гримерлар (эрлеуші) да болып жұмыс істейді. Осы мамандық үшін төзімділік пен отырып жұмыс істеу керек, өйткені арнайы ілмекпен негізгі шаш түптеріне шаш түптерін іліктіріп отыруға тура келеді. Постижер мамандығы сирек болып келеді, бірақ жарнама мен шоу – бизнестің дамуына орай қажеттілігі күннен күнге артып келеді.



Жарнамалық роликтерді жасаушылар ең қат мамандық – бұл арнайы эффект жасаушы шеберлер

Бұл шеберлер нағыз өнімді алмастыратын әсерлерді (эффектiлердi) ойлап табады. Мысалы: Газдалған сусындар, йогурттар, шоколад, ауа көпіршіктері бар мөлдір сыра – сіздердің жарнамадан көретіндеріңіздің барлығы – бұл нағыз өнімдер емес, бензин, немесе май, немесе басқа сұйықтық шығады. Экранда тұшпара қайнап жатқан суға әдемі болып түсуі үшін, олар пластикалық, ал су – суық болуы керек. Қайнау көрінісін екі құрылғы жасайды: аквриумда пайдаланылатынға ұқсас келетін компрессор және судың қайнап тұру әсерін беретін арнайы шағын мотор. Содан соң барлық көрініс суреті компьютерде түзетіледі. Осындай әсерлер (эффектiор) өте қымбат тұрады және де мамандар да тиісінше ақы алады.



Біз бүгін біраз мамандықтар жайында мағлұмат алдық деп ойлаймын. Мамандықты таңдау – бұл әр адамның өміріндегі өте маңызды оқиға. Бірақ қандай мамандықты таңдап алсаңдар да, әрдайым мектепте алған білімдерің өмірлік жарайды. Сондықтан осы кезден бастап – ақ қызығушылықтарыңды анықтап алыңдар көп оқыңдар, тәжірбие жинақтап, білімдеріңді толықтырыңдар. Ол үшін өздеріңді түрлі сала аясында сынап көріңдер.

Бір данышпан былай деген екен: «Қателеспес үшін тәжірбие керек. Тәжірбиеге ие болу үшін, қателесу керек»

Барлықтарыңызға рахмет!!! Сау болыңыздар!

